

ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ЖӘНЕ ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 126 (9188)

1953 жылғы 26 июнь Жұма

Шығуына 34 жыл
жеке саны 20 тыйын.

Пішеншілер арасындағы үгіт-бұқаралық жұмыс

Бұл күндері облысымыздың мал өсірушілері колхоз, совхоздардың қоғамдық мал шаруашылығы үшін мол жемшөп қорын жасау жолындағы күрестің жауапты кезеңі бастап откізуде.

Быйылғы жылы облысымыздың колхоздары мен совхоздарының шабындықтарында шөп шығылы мол болды. Бұл әрбір шаруашылықта қоғамдық мал шаруашылығы үшін жемшөп қорын мол жауапты қолайлы жағдай тұтызады. Сол сияқты, облысымыздың машина-трактор станциялары, колхоздары мен совхоздары шөп шабатын, жыйнайтын, маялайтын күрделі жаңа техникалармен жыл сайын көптеп жабдықталуда. Быйылғы жылдың өзінде мұндай күрделі машиналар көптеп алынды. Міндет — осы зор мүмкіншіліктерді толық пайдаланып, шөп шабу науқанын табысты өткізу, сөйтіп, қоғамдық малға мол жемшөп қорын жасауды қамтамасыз ету.

Жемшөп дайындау жұмыстарын табысты жүргізу үшін қолда бар өздігінен жүретін шөп машиналарын, трактор шөп машиналарын, ат шөп машиналарын және басқа механизмдерді тиімді пайдаланып, олардың өнімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету керек екендігі мәлім. Мұнымен бірге, пішен шабу науқанының табысты өткізілуі пішеншілерге, олардың шөп шабуға, маялауға және тасуға қажетті еңбек етуіне байланысты. Бізде шөп шабуға қажетті механизация күші мол дедік. Осы күрделі және көп механизация күшінің өнімді жұмыс істеуі де сол күрделі машиналарды басқаратын механизатор кадрларына байланысты. Олай болса, пішеншілер және жемшөп дайындауда жұмыс істеп жүрген механизаторлар арасында үгіт-бұқаралық жұмыс пен социалистік жарысты кең өрістетіп, оларды алда тұрған күрделі міндеттерді ойдағыдай орындауға жұмылдыра білу жемшөп дайындауды табысты аяқтаудың басты шарты болып табылады.

бригада мүшелері арасында еңбекті дұрыс ұйымдастырумен бірге, өзі үгітші болып істейді. Үгітші Иванов жолдас түскі дәліз кезінде және жұмыс аяғында пішеншілер мен механизаторларға дауыстап газет оқыды, еліміздің ішкі және халықаралық жағдайлары жөнінде, советтік Отанымыздың коммунистік қоғам құру жолындағы күн сайын қол жеткен ұны табыстары жөнінде әңгімелер өткізді. Жауынгерлік листоктарды кезінде және мазмұнды шығарып отырады.

Сол сияқты, колхоз үгітшілері Есетов, Болдеев, Иванцев жолдастар да басқа бригадаларда үгіт-бұқаралық жұмысты үлгілі ұйымдастыра білді. Ал, партия ұйымының секретары Тиуков жолдас пішеншілер арасындағы үгіт-бұқаралық жұмыстың пәрменді жүргізілуін қадағалап, үгітшілердің жұмысына бақылау жасаумен бірге, оларға нақтылы басшылық және әсерлі көмек көрсетіп отырады.

Алайда, барлық жерде бірдей пішеншілер арасындағы үгіт-бұқаралық жұмыс тиісті дәрежеде жүргізілуде деп айта алмаймыз. Мамлют, Октябрь, Преснов аудандары жемшөп дайындауда мүлде артта қалды. Бұл аудандарда пішен шабу жұмысының орындалуы әлі күнге дейін 20 процентке де жеткен жоқ. Аталған аудандардың мұнша артта қалуының басты себептерінің бірі — пішеншілер мен жемшөп дайындауда жүрген механизаторлар арасында үгіт-бұқаралық жұмысты пәрменді ұйымдастыруға жете назар аударылмай отырғандығы деуіміз керек.

Аудандық партия комитеттері мен колхоз, совхоз және МТС партия ұйымдары пішеншілер мен жемшөп дайындауда жүрген механизаторлар арасындағы үгіт-бұқаралық жұмыстың кең және әсерлі жүргізілуін қамтамасыз ету үшін барлық шараларды қолдануға тиіс. Ең алдымен коммунистерді жемшөп дайындаудың шешуші учаскелеріне бөліп, олардың авангардтық роль атқаруына жетісу керек.

Еліміздің еңбекшілері жаңа заемға біркісідей жазылуда

БЕЛСЕНДІЛІК

«Комсомолка» тігін фабрикасының тігіншілері ССРО халық шаруашылығын өркендетудің жаңа замын қажырлы еңбек үстінде зор қуанышпен қарсы алды. Фабрикада ССРО Министрлер Советінің қаулысына арналған митинг қызу белсенділікпен өтті. Жыйында бірінші болып сөз алған фабрика директоры Ермолин жолдас:

— Біз Отанымыздың өркендеуіне көркейе беруін және экономикалық қуатының, қорғампаздығының арта түсуін тілейміз, — деді. — Сол үшін аянбай еңбек етеміз. Біздің фабрика коллективі осы уақытқа дейін жоспарды үнемі мерзімінен бұрын орындап, алда келеді. Бүгін біз халық шаруашылығын өркендетудің жаңа замына біркісідей барлығымыз жазылуымыз керек. Сөйтіп, біз еліміздің онан сайын нығайып, көркеюіне зор үлесімізді қосайық.

Одан кейін сөз алған стахановшы комсомолка Елена Шевченко болды. Ол:

— Біздің бақытымыз, болашағымыз, қуанышымыз Отанымыздың экономикалық қуатының арта түсіп, нығая беруімен тығыз байланысты. Отанымыздың күш қуатының арта түсуі үшін жаңа заемға жазылып, еңбегімізнен үлес қосамын. Және күндік нормамды бұрынғыдан да асыра орындап, 150—200 процентке жеткіземін, — деді.

Митингтен кейін жұмысшылар топталып келіп заемға жазыла бастады.
К. БАЙБАТЫРОВА.

Социалистік Отанымыз — бейбітшілік қамалы

Ет-көнеерві комбинаты партия бюросының секретары Филимонов жолдастың: — ССРО халық шаруашылығын өркендетудің Мемлекеттік замын шығару туралы ССРО Министрлер Советінің қаулысына арналған А. П. Мясоев атындағы ет-

Бүкіл совет адамдары сыяқты біздің облысымыздың еңбекшілері де ССРО-ның халық шаруашылығын өркендетудің жаңа замына асқан зор ұйымшылдықпен жазылуда. Советтік заем сүйікті Отанымыздың экономикалық күш-қуатын онан әрі нығайтуға, еңбекшілердің тұрмыстық және мәдениет дәрежесін жақсартуға түсуге жұмсалатындығын олар жақсы біледі.

Советтік заем — халықтық заем.



Петропавлдың шойын құю-таразы зауытының жұмысшылары мен қызметшілері ССРО халық шаруашылығын өркендетудің Мемлекеттік жаңа замына зор саяси өрлеу үстінде жазылды.

СУРЕТТЕ: стахановшы ұста Бейсенбай Кілембаев жолдастың жаңа заемға жазылып тұрған кезі. Суретті түсірген А. Розенштейн.

КБС ПРЕЗИДИУМЫНДА

ССРО Халық шаруашылығын өркендетудің Мемлекеттік замына (1953 жылы шығарылған) жазылуды өткізуге кәсіподақ ұйымдарының қатысуы туралы

Кәсіподақтардың Бүкілодақтық Орталық Советі Совет Үкметінің ССРО халық шаруашылығын өркендетудің Мемлекеттік замын шығару туралы (1953 жылы шығарылған) қаулысын қызу қуаттап, мақұлдайды.

Жаңа заем біздің еліміздің бейбіт құрылыс ісіне, біздің ұлы Отанымыздың қуаттылығын нығайту ісіне қосылған зор үлес болып табылады. Ол еңбекшілердің материалдық және мәдениет дәрежесін онан әрі арттыруға көмектеседі.

Коммунистік партияның басшылығымен совет халқы халық шаруашылығының барлық саласын онан әрі өркенде-

Совет Одағының жұмысшылары, колхозшылары, интеллигенциясы Мемлекеттік замамдан түскен қаржы еліміздің экономикасы мен мәдениетін одан әрі дамытып, советтік қоғамның тұрмыстық жағдайын жақсартуға түсу мақсатына жұмсалатынын жақсы біледі.

Кәсіподақтардың Бүкілодақтық Орталық Советінің Президиумы жұмысшылардың, қызметшілердің және интеллигенцияның барлық еңбекшілердің арасында ССРО халық шаруашылығын өркендетудің Мемлекеттік замына (1953 жылғы шығарылған) жазылу жұмысын өткізуге барлық кәсіподақ ұйымдарына барлығын қатыстыруға тапсырды.

ОТАН ҮШІН

Коммунистік партия мен Совет Үкметі совет адамдарының материалдық тұрмысын жақсартып, мәдени дәрежесінің артуы үшін күрес-күн қамқорлық жасап келеді. Елімізде азық-түлік және өнеркәсіп товарларының мемлекеттік бөлшек сауда бағаларының жаңадан — алтыншы рет кемітілуінің өзі ғана мұны айқын дәлелдейді.

Сол сияқты, осы жылы шығарылған жаңа заемның да Отанымыздың экономикасы мен күш-қуатын арттырып, еңбекшілердің тұрмыс дәрежесін жақсартуға үстіне жақсарту беру мүддесіне жұмсалатындығын біз жақсы білеміз.

Барлық совет адамдары сыяқты мен де халық шаруашылығын өркендету берудің 1953 жылға арналған Мемлекеттік замын шығару туралы ССРО Министрлер Советінің қаулысын қуанышпен қарсы алдым. Сөйтіп, адал еңбекпен тапқан соммен туған еліміздің экономикалық қуатының артуына, еліміздегі коммунизм құрылыстарының тез аяқталуына, халқымыздың әл-ауқатының жақсара беруіне үлесімді қосамын. Келешекте де өз ісімде күндік, айлық, жылдық норманы мінсіз жүзеге асыруға, тіпті оны үнемі асыра орындауға, сондай-ақ мінсіз жоғары сапалы өнім шығаруға міндеттенемін.

И. СЕРГЕЕВ,
Шағын двигательдер зауытының тоқары.

Патриоттық өрлеу

Еліміздің халық шаруашылығын өркендетудің Мемлекеттік жаңа замын шығару туралы қуанышты хабар лезде тарап, кәсіпорнында, колхоз, совхозда патриоттық жаңа өрлеу тұтызды. Бұл өрлеу Петропавл-нан комбинаты коллективінің ССРО-ның халық шаруашылығын өркендетудің Мемлекеттік замының (1953 жылы шығарылған) шығарылуына арналған митингісінде өрлеп көрінді.

Митингіні комбинат директоры Евраев

Бұл қанданы жете түсініп, пішеншілер арасындағы үгіт- бұқаралық жұмыстар олардың алдында тұрған шаруашылық міндеттерімен ұштастыра ұйымдастыра білген партия ұйымдары аз емес. Мәселен, Полудень ауданындағы Сталин атындағы колхозда 3 трактор шөп машинасы, 9 ат шөп машинасы және өздігінен жүретін 2 шөп машинасы жұмыс істейді. Бұл механизация күштерінің барлығының пішен шабуға үнемі өнімді жұмыс істеуі қамтамасыз етілген. Жемшөп дайындауды жүрген механизмдер мен пішеншілер арасында жұмыс нормаларын артығымен орындамайтын бірде- бір механизм бірде- бір пішенші жоқ. Осының нәтижесінде Сталин атындағы колхозда жемшөп дайындау алғашқы күндерден бастап үлгілі ұйымдастырылып, көзір бұл ауылшаруашылық артелі шөп шабуға, маялауда және қыстаулар жанына шөп тасуды аудан бойынша алда келеді.

Бұл табыстың сыры неде? Бұл — ең алдымен партия ұйымының және барлық коммунистердің жемшөп дайындауда ұйымдастырушылық және авангардтық роль атқара білуінің нәтижесі. Партия ұйымы коммунистерді жемшөп дайындау жұмысының шешуші учаскелеріне бөліп, олардың өздерінің қажырлы еңбектерімен және жалынды үгітімен барлық пішеншілер мен механизмдерді өнімді еңбек істеуге жұмылдыра білуін қамтамасыз етті. Коммунист Иванов жолдас № 2 пішеншілер бригадасын басқарады. Ол

Ақтөбеліктердің шақыруына жауап

СЕМЕЙ. (ҚазТАГ). Облыстың колхозшылары, МТС және совхоз жұмысшылары Ақтөбе облысының ауыл шаруашылығы еңбекшілерінің бағалы бастамасын бірауыздан қуаттауда. Жемшөптің біржарым жылдық қорын жасау жолындағы жарысқа көздің өзінде пішен шауып жүрген көптеген бригадалар қосылды.

Сталин атындағы ауылшаруашылық артелінің (Ново-Покров ауданы) колхозшылары, Белағаш МТС-нің механизмдері ақтөбеліктердің шақыруына патриоттық іспен жауап беріп, Сарой, Жаңа ауыл, Ломаново учаскелерінде жемшөп дайындап жүр. Олар шөпті ору мен маялаудың арасында алшақтық болуына жол бермейді. Трактор шөп машинасының машинисі Владимир Панченко, Мансур Вайзақов, Евгений Кропкин және басқалар күн сайын 50—60 гектардан шөп шабады. Озат механизатор-

КИНОТЕАТРЛАРДЫҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНЕ БУКЛОДАҚТЫҚ СЫЙЛЫҚТАР БЕРІЛДІ

ССРО Мәдениет министрлігі мен Кәсіподақтардың Бүкілодақтық Орталық Советі (КБАС) кинотеатрлардың, кинематография, кинофикация және кинопрокат басқармаларының бірінші тоқсандағы бүкілодақтық социалистік жарысының қорытындысын шығарды. Қала мен село халқына үлгілі қызмет еткені үшін Алматы облыстық кинофикация басқармасына КБАС пен ССРО Мәдениет министрлігінің ауыспалы Қызыл туы мен бірінші дәрежелі сыйлық берілді.

Сонымен қатар, Алматының жасөс-

шіленшілер арасында үнемі газет, журнал оқуды ұйымдастырып, саяси тақырыптарда әңгімелердің жиі өткізілуін қадағалап отыру қажет. Бұл әңгімелерде озат пішеншілер мен механизмдердің жұмыс тәжірибесі ортаға салынып, оның көпшіліктің игілігіне айналдырылуына жетісу керек. Сол сыяқты, үгітшілер өздерінің әңгімелерінде күнбе- күнгі жұмыста кездескен кемшіліктердің бетін ашып, сынап отыратын болсын. Бастауыш партия ұйымдары жемшөп дайындау кезінде қабырға газеттері мен жауынгерлік листовкалардың уақтылы және мазмұнды шығарылып тұруын, оларда озаттардың жұмыс тәжірибелері жазылып, жемшөп дайындаудағы кемшіліктер қатаң сыналуына жетісіп отыруға міндетті.

Аудандық партия комитеттері мәдениетке мекемелерінің пішеншілерді мәдениетті қамтуын ұйымдастыра білуі керек.

Облысымыздың пішеншілері ақтөбеліктердің және облысымыздың Петропавл ауданындағы «Луч Ленина» ауылшаруашылық артелі колхозшыларының игілікті бастамасын шын ықласпен қолдап, қоғамдық мал шаруашылығы үшін біржарым-жылдық жемшөп қорын жасау жолындағы социалистік жарысты барған сайын кең өрістетуде. Партия ұйымдары пішеншілер арасындағы үгіт-бұқаралық жұмысты пәрменді ұйымдастырып, пішеншілердің бұл саяси белсенділігін бастай білуге міндетті.

Өткен жылы Ленин атындағы ауылшаруашылық артелінде (Совет ауданы) жемшөп дайындау жоспары артығымен орындалды. Қоғамдық мал шаруашылығы кұнарлы жемшөптен толық қамтамасыз етілді. Осының нәтижесінде мал қыстату маусымы да колхозда үлгілі аяқталды. Қоғамдық мал басы шығынға ұшыраған жоқ.

Кұнарлы жемшөптің мол қорын жасамайынша мал басын көбейтіп, оның өнімділігін арттыруға болмайтын колхозшылар бұйыл да жете ескерді. Олар алдымен шөп шабуға өзіндік жұмыстарын ерте қолға алып, қолда бар шөп машиналары мен ат тырнауыштарын және басқа да шөп шабуға, жыйнауға қажетті құрал-жабдықтарды сапалы жөндеп шығарды.

Көзір колхоздың шабындықтарында 2 өздігінен жүретін, 4 тракторға тіркелетін және 4 ат шөп машиналары шөп шауып жүр.

Шөп шабу машинистер жұмыс уақытын ұтып пайдаланып, смена сайын өздеріне тағайындалып берілген норманы асыра орындап жүр. Мысалы, Филоженко, Резник жолдастар өздігінен жүретін шөп машинасымен сменасына 40 гектар жердің шөбін шауып, тамаша табысқа жетіп отыр. Солай сияқты, Рабдуллин, Қайретдинов жолдастар да көлік шөп машиналарымен күнне 4 гектар орнына 4,5—5 гектар жердің шөбін шабады.

Колхозда сондай-ақ жыйналған шөп те іле-шала маяға салынауда. Мұнда көзірдің өзінде 7500 центнер шөп маяланды.

Колхозшылар шөп шабу мен жыйнау жұмыстарын бір-бірімен тығыз ұштастыра жүргізе отырып, жемшөп дайындау жоспарын егін орағы басталғанға дейін толық аяқтауға өздерінің күш-жігерін аямай жұмсауда.

Аудандық кинофикация бөлімдерінің жарысында Талдықорған облысы, Панфилов аудандық бөлімінің коллективті тамаша табысқа жетті. Оған екінші дәрежелі ақшалай сыйлық берілді.

(ҚазТАГ).

консерві комбинаты жұмысшылары инженер-техник қызметкерлерінің жыйналысына ашық деп жариялаймын,—деген сөзін залда отырғандар қолшалақтаумен қарсы алды.

Қауыптыр-банк цехының жұмысшысы Колобухов жаңа заем жөніндегі үкімет қаулысын толық қуаттайтындығын білдіре келіп:

—Көзіркі уақытта бүкіл дүние жүзіндегі еңбекші халықтарды толқытып отырған мәселе—бейбітшілік мәселесі. Ал, біздің сүйікті Отанымыз халықтар арасып отырған бейбітшіліктің мызғымас қамалы болып отыр. Сондықтан да Отанымыздың экономикалық қуатын және оның қорғанымын қабілетін үнемі арттыра беру үшін қажырлы еңбегімізбен тапқан советтік солмен көмектесуді азаматтық борышымыз деп есептейміз, —деп мәлімдеді.

Жыйналыстан кейін комбинат коллективі жаңа заемға ұйымдасқан түрде жазыла бастады. Мифоян атындағы ет-консерві комбинатында жаңа заемды шығару туралы үкімет қаулысын қуаттау және заемға жазылу сүйікті Отанымыз бен ұлы Коммунистік партияға шексіз берілгендіктің тамаша салтанаты болды.

АҚТӨБЕЛІКТЕРДІҢ ҮНДЕУІНЕ ЛАЙЫҚТЫ ІСПЕН ЖАУАП БЕРЕЙІК!

Берік жемшөп қорын жасау жолында

Өткен жылы Ленин атындағы ауылшаруашылық артелінде (Совет ауданы) жемшөп дайындау жоспары артығымен орындалды. Қоғамдық мал шаруашылығы кұнарлы жемшөптен толық қамтамасыз етілді. Осының нәтижесінде мал қыстату маусымы да колхозда үлгілі аяқталды. Қоғамдық мал басы шығынға ұшыраған жоқ.

Кұнарлы жемшөптің мол қорын жасамайынша мал басын көбейтіп, оның өнімділігін арттыруға болмайтын колхозшылар бұйыл да жете ескерді. Олар алдымен шөп шабуға өзіндік жұмыстарын ерте қолға алып, қолда бар шөп машиналары мен ат тырнауыштарын және басқа да шөп шабуға, жыйнауға қажетті құрал-жабдықтарды сапалы жөндеп шығарды.

Көзір колхоздың шабындықтарында 2 өздігінен жүретін, 4 тракторға тіркелетін және 4 ат шөп машиналары шөп шауып жүр.

Шөп шабу машинистер жұмыс уақытын ұтып пайдаланып, смена сайын өздеріне тағайындалып берілген норманы асыра орындап жүр. Мысалы, Филоженко, Резник жолдастар өздігінен жүретін шөп машинасымен сменасына 40 гектар жердің шөбін шауып, тамаша табысқа жетіп отыр. Солай сияқты, Рабдуллин, Қайретдинов жолдастар да көлік шөп машиналарымен күнне 4 гектар орнына 4,5—5 гектар жердің шөбін шабады.

Колхозда сондай-ақ жыйналған шөп те іле-шала маяға салынауда. Мұнда көзірдің өзінде 7500 центнер шөп маяланды.

Колхозшылар шөп шабу мен жыйнау жұмыстарын бір-бірімен тығыз ұштастыра жүргізе отырып, жемшөп дайындау жоспарын егін орағы басталғанға дейін толық аяқтауға өздерінің күш-жігерін аямай жұмсауда.

К. ӘБДІЛХАЛЫҚОВ.

ту күресіне белсене қатысып, коммунистік құрылыстың ұлы міндеттерін жүзеге асыру ісіндегі өздерінің еңбек үлестерін онан сайын көбейтуде.

Коммунистік партияның XIX съезінің қарарларымен жігерленген совет адамдары бесінші бесжылдық жоспарды орындау және асыра орындау, біздің социалистік Отанымызды одан әрі гүлдендіру жолындағы социалистік жарысты жаңа күшпен өрістетуде.

Совет Одағының еңбекшілері жұмысшылардың, колхозшылардың, интеллигенттердің өсіп отырған материалдық жағдайын үнемі жақсарту, бүкіл қоғамның үнемі өсіп отырған материалдық және мәдени қажетін мейлінше толық қанағаттандыру Коммунистік партия мен Совет Үкметінің оқашан ерекше көңіл аударған қамқорлығы болып келгенін және болып отырғанын біледі.

Совет мемлекеті халықтың тұрмыстық жағдайын арттыру мақсатында көпшілік тұтынатын товарлардың мемлекеттік бағасын кеміту саясатын үнемі жүзеге асырып келеді, ғылымды, мәдениетті, халық ағарту және денсаулық сақтау істеріне, тұрғын үйлер құрылысына және қалаларды, жұмысшы поселкелерін, село мен деревняларды көркейтуге көп қаржы жұмсауда.

Іспен жауап береді

Ақтөбе облысының ауыл шаруашылығы еңбекшілерінің үстіміздегі жылы қоғамдық мал шаруашылығы үшін ең кем дегенде біржарым жылдық жемшөп қорын жасау жөніндегі республикамыздың барлық еңбекшілеріне арнаған үндеуі Октябрь ауданының алдыңғы қатарлы колхоздарында қызу қолдау тапты.

Ақтөбеліктердің үндеуіне іспен жауап беру мақсатымен Коновалов МТС-нің қамтуындағы колхоздардың пішеншілері өзара социалистік жарысқа түсіп, шөп шабуға еңбек қарқынын бұрынғыдан да арттыра түседі.

«Трудовик» колхозында шөп шабуға шөп машиналарының қуаты тиімді пайдаланылуда. Мұнда машинист Каптюшин сыяқты жолдастар пішен шабуға күн

Еселеген қарқын

Ақтөбеліктердің патриоттық бастамасын қызу қуаттаған «Сталин жолы» колхозының пішеншілері қоғамдық мал азығының мол және тұрақты қорын жасауға міндеттеніп, шөп шабу жұмыстарын жедел жүргізуде.

Колхозда, әсіресе, С. Төлебаев жолдас басқарған бригаданың пішеншілері үлгілі істерімен көзге түсті. Бригадада бір тракторға тіркелетін және өздігінен жүретін бір кеңалымды шөп машиналары мен 2 көлік машиналары жұмысқа қосылған. Машиналардың тоқтаусыз жұмыс істеуі қамтамасыз етілген. Сондықтан да шөп машинистері күндіз нормаларын асыра орындап жүр. Мәселен, С. Оразалин жолдас тракторға тіркелген шөп машинасы-

Кәсіподақ ұйымдарының жаңа заемның маңызы туралы бұқаралық түсінік жұмысын кеңінен өрістетуді, еңбекшілердің творчестволық жігерін коммунизм салтанаты жолындағы бейбіт еңбектің табыстарына бағыттауы қажет.

КБАС Президиумы Совет Үкметінің жаңа заем шығару жөніндегі қаулысы біздің еліміздің барлық еңбекшілерінің зор қолдауын табатынына толық сенім білдіреді.

Кәсіподақтардың Бүкілодақтық Орталық Советі барлық кәсіподақ мүшелерін, барлық жұмысшылар мен жұмысшы әйелдерді, инженерлер мен техниктерді, оқытушылар мен дәрігерлерді, ауыл шаруашылығы қызметкерлерін, ғылым, әдебиет және искусство қызметкерлерін, совет мекемелерінің қызметкерлерін жаңа заемға екі апталық еңбекке мөлшерінде бірауыздан жазылуға шақырады.

Біздің Отанымыздың еңбекшілері заемға бірауыздан жазылумен коммунистік қоғам орнату ісіне жаңа үлес қосады, өздерінің социалистік Отанына, ұлы Совет Одағының Коммунистік партиясына, өзінің туысқан Совет Үкметіне шексіз берілгендігі мен сүйіспеншілігін тағы да көрсетеді.

жолдас ашты. Ол өзінің қысақша сөзінде коллективті заемды тарату ісіне белсене қатысуға және үкметіміз бен партиямыздың қамқорлығына еңбек өнімділігін еселеп арттырумен жауап беруге шақырды.

Бірінші болып сөз сөйлеген комсомол-жастар бригадасының бригадирі Н. Добрынина былай деді:

—Біз заемды тарату ісіне бұдан бұрын да белсене қатысып келдік, көзір де белсене қатысамыз. Өйткені, советтік заемның еңбекші бұқараның өз мүдделері үшін жұмсалатындығын білеміз. Жаңа заем жаңа заводтар салуға, қалаларымызды көркейтуге, коммунизмінің салынып жатқан ұлы құрылыстарын тез аяқтауға жұмсалады.

Жұмысшы В. Столбикова жолдас та өзінің сөзінде жаңа заемға біркісідей жазылып, үкмет пен партиямыздың совет адамдарының әл-ауқат дәрежесін үздіксіз арттыра беру жөніндегі қамқорлығына патриоттық іспен жауап беруге шақырды.

Нан комбинатында үстіміздегі жылға арнап шығарылған Мемлекеттік жаңа заемды тарату ісі патриоттық зор өрлеу үстінде өтуде.

Күніне 400 центнер

Кұнарлы жемшөптің мол қорын жасамайынша қоғамдық мал шаруашылығын өркендетуге болмайтындығын жете ескерген «Қызылту» колхозының (Октябрь ауданы) колхозшылары бұйыл шөп шабуға үлгілі өзіндік шөп шабу жұмыс істейтін машинист Чосенко жолдас та әр сменада 50 гектар жердің шөбін шабуға жетісіп жүр.

Машинистер қол жеткенге масаттанбайды. Алдағы уақытта олар еңбек өнімділігін көзгіріден де арттыра түседі. Сөйтп, ақтөбеліктердің үндеуіне үлгілі істерімен жауап береді.

П. КАЗАНОВСКИЙ.

Коновалов МТС-нің агрономы.

3. МУСИН.

ЖАҢА ҚАРҚЫН

Совет ауданындағы «Аралташ» ауылшаруашылық артелінің пішеншілері ақтөбеліктердің үндеуін зор қуаныспен қарсы алды. Мұнда, әсіресе, механизмдер шөп машиналарын толық қуатымен жұмысқа қосып, шөп шабуға жұмыс өнімділігінің күнбе- күн арта түсуіне жетісулі.

Осындай механизмдердің бірі — Г. Герман жолдас. Ол тракторға тіркелетін кеңалымды шөп машинасымен пішен шабуға. Оның күндіз нормасы — 25 гектар. Ал, соңғы күндерде Герман жолдас өз машинасының күндіз жұмыс өнімділігін 30 гектарға жеткізді.

Күндіз норманы асыра орындап жүрген мұндай машинистер колхозда көптеп саналады.

М. ӘКІМЖАНОВ,
Преснов ауданы,

Г. БАЛТАБАЕВ,

Партия ұйымдарында

Ақтөбеліктердің үндеуі жөніндегі әңгіме

Үгітші Сейітов жолдас әдеттегідей кешкі почтадан облыстық газеттердің соңғы сандарын алып, ондағы ақтөбеліктердің үндеуіне бірден назар аударды. Сөйтін, үндеуді оқып шығып, кезекті әңгімесіне дайындалды.

Белесі күні ерте тұрып, кезекті әңгімесін өткізу үшін № 3 фермадағы пішеншілер бригадасына келді. Бригадирмен біраз әңгімелескеннен кейін, ол машинистердің, шөп маялаушылардың арасында болды.

Түскі үзілісте үгітші әңгімесін бастады. Газеттен үндеуді оқып шығып, үгітші ақтөбеліктердің қоғамдық малдың жемшөл қорын жасау жөніндегі патриоттық бастамасына терең талдау жасады.

— Совхоз пішеншілерінің ардақты борышы ақтөбеліктердің үндеуін қызу қуаттап, оған іспен жауап беру болып табылады,— деп аяқтады сөзін үгітші.

Үгітшінің сөзі пішеншілердің арасынан зор қолдау тапты. Кеңалымды шөп машинасын жүргізген С. Фролов жолдас ақтөбеліктердің патриоттық бастамасын шын жүректен қолдайтындығын айта келіп, өз сменасында 35—40 гектар жердің шөпін шабу жөнінде көтеріңкі міндеттемелер алды. Фролов жолдастан басқалар да қалысқан жоқ. Науенер, Грищенко жолдастар сыяқты жұмысшылар шөп маялауда күнделікті жұмыс тапсырмаларын кемінде 150 процент орындау жөнінде сенім берді.

Көзір пішеншілер арасында ақтөбеліктердің үндеуі жөніндегі социалистік жарыс қыза түсуде.

К. АСАНОВ,
Қызылскер совхозы.

Кешкі университетті 79 адам бітірді

ККП қалалық комитетінің жанындағы кешкі марксизм-ленинизм университеті коммунистер мен партияда жоқ кадрларды тәрбиелеп, саяси жағынан шынықтыруда зор роль атқарып келеді. Быйыл университетті басшы партия, совет, шаруашылық қызметкерлерінен және түрлі мамандықтағы интеллигенттерден 79 адам бітіріп, куәлік алды. Бұлардың ішінде инженер Салыго, оқытушы Игошева, дәрігер Чернова және басқалары бар.

Қала партия ұйымының насихатшылар, штаттан тыс лекторлар, саяси баяндамашылар құрамы университетті быйыл бітірушілер есебінен едәуір толықтырылады.

КОМСОМОЛ ТҮРМЫСЫ

Комсомолецтер—өндіріс озаттары

Біздің елімізде жастар, оның алдыңғы отряды— комсомол халық шаруашылығының барлық саласында қажырлы еңбек етіп, коммунистік құрылыстың міндеттерін жүзеге асыру ісіне зор үлес қосуда. Коммунистік партия комсомолға әрқашан зор сенім білдіріп келеді. СОКП Уставында: «БЛЖО— бүкіл мемлекеттік және шаруашылық құрылыста партияның белсенді көмекшісі. Комсомол ұйымдары социалистік құрылыстың барлық саласында, әсіресе, бастауыш партия ұйымдары жоқ жерлерде, партия директиваларын іс жүзінде белсене жүзеге асырушылар болуға тиіс» делінген.

Наз комбинатының комсомол ұйымы бұл таланттарды орындай отырып, шаруашылық және саяси-бұқаралық жұмыстарға белсене қатысуда. Ұйымда 33 комсомolec бар. Бұлардан басқа комбинатта комсомолда жоқ ондаған жастар жұмыс істеп жүр. Комсомол ұйымы комсомолецтер мен жастардың еңбекте өнге көрсетуіне үнемі назар аударып келеді. Комсомол ұйымының жыйналысында комсомол-жастар бригадасының және жеке комсомолецтердің өндірістік көрсеткіштері жөніндегі мәселелер жиі талқыланады. Сөйтін, олардың авангардтық роль атқаруы талап етіледі.

Осының нәтижесінде біз әрбір комсомолецтің өндірістік тапсырмаларды толық және асыра орындауына жетісіп келеміз. Мәселен, Добрынина жолдас басқарған комсомол-жастар бригадасы осы жылдың алғашқы бес айының өндірістік тапсырмасын 125 процент орындап, жүздеген сом мемлекеттік қаржыны үнемдеді.

Март айында болып өткен бір жыйна-

лыста комсомолецтер комбинатта комсомол-жастардың екінші бригадасын ұйымдастыру жөнінде тілек білдірді. Комбинат дирекциясы жастардың инициативасын қолдап, екінші бригаданы ұйымдастырды. Бұл бригаданы басқаруға комсомolec Белоусов жолдас тағайындалды. Көзір Белоусов жолдас басқарған бригада өндірістік технологияны шебер игеруінің нәтижесінде комбинаттағы үздік және мінсіз жоғары сапалы өнім шығаратын бригадалардың бірінен саналады.

Өндірісте авангардтық роль атқарумен бірге комсомолецтер комбинат жұмысшылары арасындағы үгіт-бұқаралық жұмысқа қатысады. Комсомолецтер Попков, Козарина, Столбикова, Лыткина, Гаврилов және басқалары бригадаларда үгітші болып істейді. Олар дауыстап газет оқу, әңгіме өткізу арқылы комбинат жұмысшыларына партияның XIX съезінің материалдарын кеңінен түсіндіруде.

Осы сыяқты, комбинатта комсомолецтер мен жастардан ұйымдасқан көркемөнерпаздар үйірмесі жұмыс істейді. Бұл үйірмені комсомол комитетінің мүшесі Каргаполова жолдас басқарады. Үйірме мүшелері комбинат коллективіне ай сайын екі-үш рет концерт береді. Жақында бұл үйірменің мүшелері Соколов ауданындағы «Дозор Ильича» колхозына барып, колхозшылар үшін концерт қойды.

Комбинаттың комсомолецтері мен жастары сталиндік бесінші бесжылдықтың міндеттерін ойдағыдай орындау күресінде алдыңғы сапта бола береді.

Д. СИТНИКОВ,
Петропавл нан комбинаты комсомол ұйымының секретары.

Нәтижелі қорытынды

Жақында қалалық байланыс бөлімінің комсомолецтері мен жастарының саяси оқуының қорытынды сабағы болып өтті. Үйірме мүшелері оқу жылының алғашқы жартысында В. И. Ленин мен И. В. Сталиннің өмірбаяндарын, екінші жартысында Коммунистік партияның XIX съезінің материалдарын оқып үйренді. Үйірме насихатшысы Ф. Медник тыңдаушыларға әрдайым қажетті көмек көрсетіп отырды.

Насихатшы сабақты нашар үлгеретін немесе кезекті сабақтарға қатыса алмаған тыңдаушылармен қосымша сабақтар ұйымдастырды. Соның нәтижесінде үйірмедегі 20 тыңдаушылардың бәрі де қорытынды сабақтарға белсене қатысып, өздерінің саяси білімдерінің өскенін байқапты. Мысалы, үйірме тыңдаушысы Ася Дурманова Г. М. Маленков жолдастың партияның XIX съезінде жасаған баяндамасы бойынша

келіп, капиталистік экономиканың күннен-күнге құлдырап, өшіп бара жатқандығын айқын фактілермен дәлелдеп берді.

Бұдан кейінгі сөз алып сөйлеген Салахудинова жолдас ССРО-ның өркендетудің бесінші бесжылдық жоспарының елімізде қалай орындалып жатқанына тоқталды. Бесінші бесжылдықтың көптеген озаттары — токарь Колесов, тігінші Карабельникова, мастер Чупких және басқаларының жұмыс әдістері өндіріске кеңінен енгізіліп, миллиондаған сом мемлекет қаржысын үнемдегенін баяндады.

Қорытынды сабақтардың соңында насихатшы Ф. Медник жолдас үйірменің бір жыл ішіндегі жұмысына жалпы қорытынды жасады. Мұнан кейін ол келесі оқу жылында көсемдеріміз Ленин мен Сталиннің өмірбаяндарын екінші жылдың программасы бойынша үйрену қажет екендігі

Жаңа оқу жылын үлгілі әзірлікпен қарсы аламыз

1952—53 оқу жылында мектептеріміз сан жағынан өсіп, ондағы оқу-тәрбие жұмыстары өткен жылдарға қарағанда анағұрлым жақсара түсті. Оқу жылын үлгілі аяқтап, жастарды коммунистік рухта тәрбиелеуде жергілікті партия, совет ұйымдары үнемі мектеп жұмыстарына көмектесіп отырды.

Аудан еңбекшілері де мектептегі туысқандар комитеті мен қоғамдық ұйымдар арқылы үлкен көмек жасап отырды. Оқу жылы аяқталмай тұрып, мектеп басшыларымен болған кеңесте мектептердің жаңа оқу жылына әзірлігі жөнінде мәселе қаралды. Мұндай мәселе еңбекшілер депутаттары аудандық Совет атқамінінің мәжілісінде де қаралып, мектептерді жаңа оқу жылына үлгілі әзірлеуге бағытталған бірқатар шаралар белгіленді.

Аудандық Совет атқаміні өзінің қарарында ауыл-селолық Советтер мен мектеп басшыларын және аудандық оқу (бөлім) мектептерді деркесінде жабайы және күрделі жөндеуден өткізіп, оларды отынмен және басқа көрнекі құралдармен қамтамасыз етуге міндеттеді. Сол сыяқты, осы қарарда мұғалімдерді пәтер үйлермен қамтамасыз ету мәселелеріне де ерекше көңіл бөлінді.

Колхозшылар мен совхоз жұмысшыларының интеллигенттердің жаңа оқу жылына әзірлік кезінде мектепке көмектесіп отыруы дәстүрге айналды. Александровка селолық Советінің депутаттары мен активтері жаңадан 5 бөлмелі мектеп үйі мен 50 оқушы сыятын қоғамдық интернат салуға, негізгі мектеп үйін жөндеуден өткізуге, 15 августқа дейін мектеп пен мұғалімдерге 300 текшеметр отын дайындауға, оқу жылының басынан бастап мектеп жасындағы оқушылардың оқуға түгел қамтылуын қамтамасыз етуге, сол сыяқты, мектеп жанындағы оқу-тәрбие үчастегі мен спорт алаңдарына жабдықтауға міндеттемелер алды. Александровтықтар аудан мен облыс еңбекшілерінің олардың бастамасын қарсы алуға, сөйтін, мектептердің жаңа оқу жылына

әзірлігі кезінде социалистік жарысты кеңінен өрістетуге шақырды.

Бұл күндері аудан бойынша келесі жылы мектептерде оқыйтын оқушылардың есебі алынып, қанша оқушы оқыйтыны белгіленді. Көпшілік мектептерде жабайы жөндеу аяқталды. Ал, 6 мектепте күрделі жөндеу қызу жүріп жатыр. Ново-Узенск, Корнеевка жетіжылдық мектептерінде күрделі жөндеу 1 июльге дейін аяқталмақ, Орнек, Штыров бастауыш мектептерінде оқу жылына жететін отын толық әзірленді. Леонидовка және Александров селолық Советтері мұғалімдерге арнап екі пәтер үй сатып алды.

Үстіміздегі жылы аудан бойынша 21 мың сомға кітаптар мен көрнекі оқу құралдары сатып алынады. 20 мың оқулық көздің өзінде ауданға әкелінді.

Алайда, ауданның кейбір мектептерінде жаңа оқу жылына әзірлік жұмыстары тиісті дәрежеде болмай отыр. Жекелеген мектептер күні бүгінге дейін мектепті жөндеу, отын тасу жұмыстарына әлі кіріспей, қолбайы мерзімді босқа өткізуде. Бұлардың қатарына Заградовка, Петровка және Ильинка селолық Советтерінің қарамағындағы мектептер жатады. Мектептердің жаңа оқу жылына нашар әзірленуінің негізгі себебі ауыл-селолық Советтер мектептерді жөндеуге бөлінген қаржыны уақытында пайдалана алмай отыр. Оның үстіне құрылыс материалдары жеткіліксіз. Аудандық тұтынушылар одағы да оқулықтар мен мектепке керекті жазу аспаптарын деркесінде жеткізбей отыр.

Мектептерді жаңа оқу жылына үлгілі әзірлеуге бізде толық мүмкіншілік бар. Мәселе сол мүмкіншіліктерді пайдалана білуде. Олай болса, жергілікті партия, совет ұйымдарының күнбе-күнге көмегіне сүйене отырып, аудан мектептерін жаңа оқу жылына әзірлеуді тыңғылықты ұйымдастырып, оны ойдағыдай қарсы алатындығымызға күмән жоқ.

Б. ТЕМІРБОЛАТОВ,
Ленин аудандық оқу бөлімінің меңгерушісі.

Сырттан оқыйтындар

Петропавлдың сырттан оқыйтын кешкі мектебін 1950 жылдан бері, үш жылдың ішінде 102 адам бітіріп шықты. Мектепті бітірушілердің саны жыл сайын арта түсуде. Тек үстіміздегі оқу жылының өзінде ғана мектепті 50 адам бітіріп, көмелеттік аттестат алды. Олардың ішінен Апсалямов, Исақов, Алексеева және басқалары көмелеттік аттес-

тат емтиханын «4» пен «5» ке тапсырды.

Кешкі мектепті сырттан оқып, бітіргендердің ішінен 39 адам бұл күндері Алматы, Одесса, Омск және басқа қалалардағы жоғарғы оқу орындарында оқып жүр.

Қ. БАЙБАТЫРОВА.

«Ленин туының» дабылынан кейін

«Идеологиялық жұмысты бағаламай отыр»

Газетіміздің осы жылғы 5 апрельдегі санында осы тақырыпта мақала жарияланған болатын. Онда Октябрь ауданындағы Чапаев атындағы колхозда идеоло-

қалада келтірілген фактілер толық анықталды. Тексерістің қорытындысы колхоздың партия жыйналысында қаралып, орын алған кемшіліктерді жою

GERMAN ДЕМOKPATИЯЛЫҚ РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҮКМЕТІ ХАЛЫҚТЫҢ ШЫН МҮДДЕЛЕРІН БІЛДІРЕДІ

БЕРЛИН, 24 июнь. Герман Демократиялық Республикасының қалалары мен деревняларының еңбекшілері жыйналыстарда фашистік арандатушылардың қылмыстық тіміскіленуін айыптап, Германияның Біртұтас Социалистік партиясының Орталық Комитетіне және өзінің халықтық үкіметіне толық сенім білдіруде. Республиканың көптеген округтерінде халық өздерінің жасаған мәлімдемелерінде Германияның тарихында бұған дейін ешуақытта да өзінің қателерін ашық, адал түрде мойындап, оны түзетуге дереу шаралар қолданған үкімет болған емес деп атап көрсетуде. Мұның себебі, деп мәлімдейді еңбекшілер жыйналыстарда, Герман Демократиялық Республикасының үкіметі халық мүдделерін қорғаушы және халықтың тығыз байланыстағы нағыз халықтық үкімет болып табылады, ол үкімет шындықтарды бұқарадан жасырмауға қабілеті жететін үкімет, өзінің жұмысындағы кемшіліктерді ашық және батыл түрде мойындап, оларды іс жүзінде мойындап, түзетуге қабілеті жететін үкімет.

БАСТЫ АРАНДАТУШЫЛАР ТОҚТАЛАТЫН ЕМЕС

БЕРЛИН, 24 июнь. (СОТА). Шетел жалдамалыларының Берлиндегі авантюрасының күйреуіне қарамастан, осы қылмысты авантюраның басты арандатушылары тоқталатын көрінбейді. Берлиннің американ секторында 23 июльде реакцияшыл және фашистік элементтердің жыйыны болып, онда неміс халқының сатылмыштары, Берлиндегі қылмыстық авантюраға тікелей басшылық еткен канцлер Аденауэр, Бонн министрі Кайзер және Батыс Берлиннің обер-бургомистрі Рейтер соғыс өртің тұтатуға және ош алуға бағытталған сөздер сойлеген.

Аденауэр, Кайзер және Рейтер жұмысшы табына және герман халқының қалың бұқарасына қарсы жаңа авантюраға және арандатушылыққа ашық түрде шақырған. Олардың «советтік зонаға» қарсы «барлық құралдарды» қолдануға шақырған сөздері ашық түрде ош алу желігін көрсетті.

ЛИ СЫН МАННЫҢ АРАНДАТУШЫЛЫҒЫНА ҚАРСЫ АВСТРАЛИЯНЫҢ НАРАЗЫЛЫҒЫ

ЛОНДОН, 24 июнь. (СОТА). Лондон радиосының хабарына қарағанда, Австралия үкметі Ли Сын Манның Оңтүстік Кореядағы соғыс тұтқындарын «босатуы» деп аталатынға қарсы наразылық білдірген.

«КҮТІЛМЕГЕН ТОЛҚУШЫЛЫҚТАРДЫ» ҚОЛДАУҒА ЖҰМСАЛАТЫН ДОЛЛАРЛАР

ЛОНДОН, 24 июнь. (СОТА). Рейтер агенттігінің тілшісі Вашингтоннан кеше

